

СЫРБОЙИ



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

13

ТАМЫЗ
БЕЙСЕНБІ

2015 жыл
№119 (19007)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛАСТЫҚ ГАЗЕТИ

www.syrboi.kz

Алаштың анасы аталған ежелгі Сыр бойы миллиондаған азаматтардың алтын бесігі, қияға ұшар қанаты, асқар асуды алар қуаты болып келді, бола береді. Табиғи ежелгі түрін толық сақтай алмаса да, рухани ажары айнаған жоқ.

Осындағы сұлу Сырдың сырбаз перзенттерінің бірі, осыдан бір жыл бұрын о дүниелік болған Садықбек Хангелдин еді. Кім киісі де, жүріс-тұрысы да, сөйлер сөзі де өнегелі Сәкен нағызың сырбаз, бар білім-білігін, қажыр-қайратын сүйкіті халқына, туған еліне арнаған жан болатын. Ол артына 11 өлеңдер жинағын, 9 публицистік кітап қалдырды. Ол еліміздің «Жұлдызы», «Жалын», «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Пионер», «Балдырган» және «Дала» журналдарының, «Социалистік Қазақстаннан» бастап жиырмадан астам мерзімді басылыымдарға белсене қатысқан, халқының рухани дүниесіне өзіндік үлес қосқан журналшы, публицист еді. Ал Сәкенің саяси белсенділігін айтқанда оның жаза да, сейлей де алатын, өз ақыл-парасаты өзіне жетіп артылатын, біреудің жазып бергенін оқытын басшы емес, өзі жазбай құмары қанбайтын қажырлы, еңбеккор қайраткер болғандын айта кеткен артық болмас. Оның бұл қасиеттерін қатар жүргендердің, қызметтес болғандардың барлығы мойындастын.

СЫРДЫҢ СЫРБАЗЫ ЕДІ

Садықбек Хангелдин институт қабырғасында-ақ қоғамдық жұмысқа белсенді ара-ласты. Нағыз бір сырлы, сегіз қырлы сері болатын. Сол себепті ол окуды бітіргеннен кейін көп ұзамай комсомол жұмысына тартылды. Қызылорда калалық, облыстық комсомол комитеттерінің хатшысы болды. Қазақстан комсомолы Орталық Комитетінде жарқырай, бар болмысы ашыла көрінді. Насихат және мәдени-бұқаралық жұмыстар белімінің менгерушісі ретінде оның көз алдында республика жастарының нағыз бұркырап, кайнаған өмірі өтіп жатты. Шұбартау, Ерейментау, Бескөл аудандық, Теміртау, Кентау, Рудный калалық жастар үйімдарының жана жұмыс әдістері мен ізденістері, Ыбырай Жакаев, Жазылбек Куанышбаев, Кәмшат Дөнентаева, Жансұлтан Демеев, Владимир Дитюк, Наталия Геллер сиякты еңбек ерлерінің жарқын үлгілері бүкіл республика жастары арасында қызу колдау тауып, кен еріс алса, соны насихаттау, жана дәстүр мен салт үлгілерін тарату осы бөлімнен бастау алып жататын. Сәкен талай шығармашыл жастармен ара-ласты, талайға жақын болды, талайдын тағдырына жолдама берді. Әдебиеттің бен өнеріміздің талантты екілдері – Фариза Онғарсынова, Калдарбек Найманбаев, Мұхтар Шаханов, Бексұлтан Нұржекеев, Бейбіт Қойышбаев, Жараскан Әбдірашев, Иранбек Оразбаев, Серік Тұрғынбеков се-кілді сол тұстағы жас қаламгерлер комсомол-жастардың республикалық штабының тұракты қамкорлығында болды. Реті келгенде айта кету керек, кешегі республика комсомол үйімінің бай мәдени-көпшілік және сан-салалы идеялық-тәрбие жұмыстарына әсте көз жұмуға болмайды. Бұл, әсіресе, бүгінгі күні жастар арасындағы жұмыстың бағыт-бағдарының әлі толық айқындала қоймаған кезінде ерекше мәнді. Кейде саяси сипаты басымырак болып кетсе де, кешегі жастардың сан қырлы белсенді қызметтің ретімен айтпау, одан тағылым алмау – тарих алдында киянат.

Республика комсомол штабында Садықбек Хангелдиннің тікелей басшылары жазушы Калаубек Тұрсынқұлов, Қазақстан жастарының көсемі Өзекен, Өзбекәлі Жәнібеков болған еді. Еліміздің жастар үйімінің Одакта шоктығының биік болғандығы осы Өзекенің атымен тығыз байланысты болды. Ол нағыз тұлға, қайраткер, жастардың ақылшы ұстазы-тұғын. Ұлтының мұратын өз мұратынан әркез биік ұстаган кешегі комсомол басшыларының біреуі болса, Өзекенің өзі, екек болса, біріншісі болатын.

Садықбек Хангелдин 1974-1991 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық комитеттінде, Қазак ССР Халықтық бакылау және Қазақстан Мемлекеттік телерадио комитеттерінде басшы қызметтер аткарды. Өзінің азаматтық та, қайраткерлік те қасиеттерін абыраймен аткарды, шын мәнініңде, кісілік келбеті болымды да толымды болды. Оның тағы бір тамаша қасиеті өзі араласкан қаламгер, мемлекет және қоғам қайраткерлері тура-лы сан түрлі мақалалар жазды, жылы сөзін аямады. Сәкенде жақсы білетін Сыр бойының танымал журналисті Өтеген Жаппархановтың «Ол – алдымен пейілі жомарт, адамгершілігі аскак, іс-әрекеттімен, тыныс-тірлігімен, сөзімен де, жүріс-тұрысымен де өзгеге ұсынар үлгісі бар, мінезге бай тұнба тұлға» десе, ал белгілі қаржыгер Мырзахмет Ауановтың оның кайісті де өзіне тән құлшыныспен аткарып, мемлекеттік мұддені жоғары коя ала-тын жауапкершілік сөзіммен, үлкенге ізет, кішігі ілтилат көрсете жүретін акжарқын елгезек мінезімен жас үрпакқа үлті-өнеге болып, өз әріптестерінің лайыкты ықыласына беленген туралы жазуы жайдан-жай емес еді. Осындағы қасиеттер Сәкенің өмірінің соңына дейін талмай ұстаган, өзіндік жан серігі, рухани байлығы, адами болмысы болатын.

Әр адамның өмірде өзіндік таным «терезесі» болады. Ол сол өзінің терезесімен гана өмір, қоғам туралы толғанады, дүниеге зер салады, ойдан түйін түйеді. Одан басқамен шындықты көре алмайды, түсіне алмайды. Сәкенің терезесі кен де айшын еді, сондыктан ол басқалардан көбірек және айқын көретін, басқалардан тереңірек түсінетін, молырак ұғынатын. Оның үстінен ақынжанды адамның ойлау, түсіну қабілеті болек кой. Оны кез келген түсінен бермейді.



Садықбек ақын болып туған жан болатын. Сонау 1962 жылы Жазушылар Одағының Қызылордадағы ақын Аскар Токмагамбетов басқаратын облысаралық белімшесінде оның алғашқы өлеңдер жинағының тұсауы кесілген еді. Ол былай деп өлең әлеміне аяқ басқан болатын:

Түскен жок бұл өнерім талқыға әлі,
Көрғен жок енбегімді халқым әлі.
Әйтсе де от жалынды қызба көңіл,
Дамылсыз өр кияға шарқ ұрады.

Осы жолдардың өзі келешегінен көп үміт күттіретін алғашқы қадам, беташары болды. Содан «дүние тенізінде малтып көріп» бар өнерін еліне сарқып бергісі келді. Алайда ақындық өнеріне барын сала алмады. Оның жан-жақтылығы, казак айта беретіндегі бір сырлы, сан қырлы болуы оны комсомол, партия, мемлекеттік жұмыстарға алып келді. Бұл салаларға 30 жылдан астам жастық жалын да, кемел кездер де арналды. Сондыктан ол күнделікті лауазымды қызметте жүріп ақындықтың айдынына шығып, данғыл жолына түс алмады. Кауырт қызметтен уақыт «ұрлап» кана өлең жолдарымен табысып отырды. Қанша шебер жүзгіш болғанымен тағдыр мандайына көлден басқаны жазбағандай құбылыс болды. Тенізге түс алмады. Сондыктан да ол:

«Кешір, Өлең!
Келдім қатты сағынып,
Бір өзінде – бар қызығым, бар үміт.
Онашада сырлассыншы өзіңмен,
Ақын жаны ағынан бір жарылып» –
деп жылрауға мәжбүр болды.

Бала күнінен серік еткен өлеңі алдында тұракты бола алмаған ақынның томендеңідей көңіл күйін, саналы сезімін, ашық та адал пейілін, кішірейіп бас июн түсінуге болады:

Кешір, Өлең!
Айыптымын алдында!

... жоқ, аяма, қайта мені сал мұнға.

Кештеу келіп, ерте кеттім қоштаспай –

Кім біледі – жатырқап та қалдың ба?

Кешір, Өлең!

Бір лап етіп жандым да,

Лаулай алмай обалына қалдым ба?

Фашықын деп жылап жүріп,

Оралмай, кеткен қыздай

Сен азапка салдым ба?

Кандай бір өнер болмасын, сүйген сұлыңдай тұракты да шынайы махаббаты қажет етеді ғой. Мен Абай түсінігінде үлкен махаббатты айттып отырмын. Поззия да солай, жан-жаққа аланауды ұнатпайды. Өйткені өнер – қасиетті дүние, құдіретті күш. Сондыктан Сәкенің «Әнімнің келтіре алмай күнде ырғағын, Сезіп-ақ ашы тердің жүрмін дәмін» деуі заңдылық болатын. Алайда Сәкен зейнеткерлікке шыққаннан кейін тұракты жансерігі ете алмаған ескі досымен кайта қауышты:

Келдім кайтып –

Мың қайтымен альсып.

Саған деген сағыншып жарысып.

Бұлбұл конып,

Күшагыма Күн кірді –

Өзіңмен бүгін кайта табысып.

Ақын жаны әдете ізгілікті сүйеді.

Оның жүргегі Отан деп соғады, шабы-

ты халқым деп қанат қағады. Оған елінің

тыныштығы мен бірлігінен артық ардақты,

қасиетті дүние жок. Сондыктан Сәкен сезім

пернелерін осыған арнады, осыны биктетті.

Әбдіжәлел БӘКІР.